

2021 жылы «KazakhExport» ЭСК» АҚ өткізген сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері

I. Кіріспе бөлім

1. Қызметі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілген квазимемлекеттік сектор субъектісінің атауы: «KazakhExport» ЭСК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам, компания).

2. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингі** Комплаенс қызметінің басшысы Қабсаматов Қуаныш Ақайұлы жүргізді.

Жұмыс телефоны 8 (7172) 95-56-56, ішкі нөмірі 183, сенімнің электрондық поштасы senim@kazakhexport.kz.

3. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезеңі:** 2021 жылғы 23 желтоқсанда басталды және 31 желтоқсанда аяқталды.

II. Ақпараттық-аналитикалық бөлім

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 7 бабына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2020 жылғы 28 қаңтардағы № 22 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу қағидаларына» және Қоғам басқармасының шешімімен (2018 жылғы 13 маусымдағы № 414 хаттама) бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының 4 тарауына сәйкес жүргізілді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңның 7 бабына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу қағидаларының» 6 және 7 тармақтарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мәні сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану тәжірибесінің жағдайына, сондай-ақ қоғамның сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпарат болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу үшін дереккөздер:

- 1) құқықтық статистика органдарының деректері;
- 2) жеке және заңды тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі өтініштері;
- 3) үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың мәліметтері;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша әлеуметтік сауалнамалардың деректері;
- 5) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;

б) заңмен тыйым салынбаған өзге де ақпарат көздері болып табылады.

Қоғамның қызметі

Қоғам ұлттық компания мәртебесіне ие және оның жалғыз акционері «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ болып табылады.

Қоғам 2018 жылғы 21 мамырда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыруға № 2.1.55 лицензиясы бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы болып табылады.

Қоғам мемлекеттік қызмет көрсетпейді және бақылау-рұқсат беру функциялары жоқ.

Қоғамның негізгі міндеттерінің бірі экономиканың басым секторларында шикізаттық емес тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер экспортының өсуіне қолдау көрсету және қазақстандық кәсіпорындарды қаржылық-сақтандыру және қаржылық емес қолдау практикасын қалыптастыру болып табылады.

Бақыланатын кезеңде Қазақстан Республикасының экспорттық әлеуетін дамыту бағдарламасын іске асыруға арналған қаржы қаражаты уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұлттық даму институттары тарапынан қоғамның атына аударылмаған.

Экспорттаушыларды қаржылық-сақтандыру қолдауға байланысты міндеттерді іске асыруға бұдан бұрын алынған қаржы қаражаты екінші деңгейдегі банктерде орналастырылды.

Оларды пайдалану туралы есептер тұрақты негізде министрліктің уәкілетті органдарына ұсынылып отырады.

Соңғылардың аталған қаражатты 2021 жылы пайдалануға қатысты шағымдары түскен жоқ.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі тарапынан 2021 жыл ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыруға арналған лицензия талаптарын, сондай-ақ пруденциялық нормативтер, сақтандыру ұйымдары үшін міндетті лимиттер бөлігіндегі нормативтік құқықтық актілер ережелерін бұзушылықтардың болмауына, қаржылық есептілікті қалыптастыру мен ұсынуына байланысты Қоғамға қадағалау ден қою шаралары қолданылмады.

Компания қызметінің айқындығы мен ашықтығы қағидаттары сақталады.

Осылайша, компанияның өзінің корпоративтік интернет-ресурсы бар және Қоғам жұмысының жетістіктері мен нәтижелері туралы баспасөз релиздерін орналастыру арқылы оны ақпараттық толықтыру тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Көрсетілген ресурсқа кіру келушілер үшін шектеусіз.

Ұлттық Банктің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес аталған ресурста компанияның қаржылық есептілігі мен көрсеткіштері туралы, оның

басқару органы мен атқарушы органының мүшелері туралы мәліметтер, құрылтай және корпоративтік құжаттардың көшірмелері және өзге де қажетті мәліметтер орналастырылған.

Басқарма төрағасының блогы бар, онда Интернет-ресурсқа кез келген келуші өзін қызықтыратын сұрақ қоя алады немесе өтініш не шағым жібере алады.

Сондай-ақ, «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V ҚРЗ Заңының талаптарын ескере отырып, 2021 жылы компанияның 12 мүшеден тұратын Қоғамдық кеңесі құрылды және оның отырыстары өткізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын қамтамасыз ету үшін жауапты құрылымдық бөлімшенің болуы

Қоғам «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңның 16 бабы 3 тармағының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің болуы туралы талабын қадағалады.

Бұл Қоғамның Комплаенс қызметі болып табылады, ол өз кезегінде тек Директорлар кеңесіне ғана есеп береді, бұл оның жұмысының тәуелсіздігі қағидатын қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта Комплаенс қызметі 2 штаттық қызметкерден - Басшы мен Бас комплаенс бақылаушыдан тұрады, олар туралы деректер корпоративтік Интернет-ресурстың тиісті бөлімінде орналастырылған.

Комплаенс қызметі қызметкерлерінің міндеттері, жұмысын ұйымдастыру қағидаттары мен функциялары осы бөлімше туралы Ережеде және Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген лауазымдық нұсқаулықтарда көзделген (2020 жылғы 27 тамыздағы № 8 хаттама және 2020 жылғы 25 қыркүйектегі № 9 хаттама).

Комплаенс қызметінің қызметкерлері «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің әріптестерімен және Ұлттық экономика министрлігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) атынан уәкілетті ведомстволармен Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын ұйымдастыру және іске асыру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау үшін жауапты болады.

Сыбайлас жемқорлық көріністері немесе лауазымдық теріс пайдаланушылық жағдайлары туралы өтініштер және жарияланымдар

Бақыланатын кезеңде кіріс құжаттары ретінде Қоғамға ұйымдар мен мемлекеттік мекемелерден 4039 құжат және жеке, заңды тұлғалардан 6 өтініш келіп түсті.

Бұл ретте, олардың арасында Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністері немесе теріс пайдаланушылық туралы жағдайлар немесе мәліметтердің болуы туралы өтініштер жоқ.

Сенім электрондық поштасына senim@kazakhexport.kz және «Senim» 8 (7172) 55 44 70 сенім телефонына бақыланатын уақыт кезеңінде заңды тұлғалардың өкілдерінен және азаматтардан Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің іс-әрекеттеріндегі сыбайлас жемқорлық көріністері немесе теріс пайдаланушылық туралы хабарламалар түскен жоқ.

Бақыланатын уақыт кезеңінде бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде Қоғам мен оның лауазымды тұлғалары туралы 2 270-ке жуық жарияланым болды.

Оның ішінде:

Үндестілігі жағымды жарияланымдар - 1 237 ескерту.

Үндестілігі бейтарап жарияланымдар - 1026 ескерту.

Үндестілігі жағымсыз бар жарияланымдар - 3 (facebook желісіндегі және ақпараттық ресурстағы посттар) ескерту.

Осы жарияланымдардың тек біреуі ғана компанияға тікелей байланысты, ал қалған бөлігінде компания эпизодтық түрде ескеріледі.

Бұл ретте, жағымсыз тақырыптарда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға және Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің іс-әрекеттеріндегі көріністерге қатысты жарияланымдар болған жоқ.

Негізінен ұлттық компанияларда қоғамдық кеңестер құру, ұлттық компанияларды дамытуға бюджет қаражатын аудару тиімділігінің болмауы сынға алынды.

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша әлеуметтік сауалнамалар жүргізілген жоқ, алайда 2021 жылғы қыркүйекте Комплаенс қызметі Ақпарат және коммуникациялар департаментімен бірлесіп Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл деңгейін бағалау тұрғысынан Қоғамның клиенттері мен контрагенттеріне жасырын негізде сауалнама жүргізді.

Сауалнама компьютерлік тәсілмен клиенттер мен серіктестерге сауалнамадан өту туралы тиісті сілтеме жіберу арқылы жүргізілді.

Сауалнамаға Қоғаммен ынтымақтасатын клиенттер мен қызмет және тауарларды жеткізушілер қатарынан 21 респондент қатысты.

Сауалнама қорытындысы бойынша Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністері, теріс пайдаланушылық фактілері анықталған жоқ.

Құқықтық статистика органдарынан, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардан мәліметтер

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 1 бабына сәйкес, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық дегеніміз сыбайлас жемқорлық белгілері бар, құқыққа қайшы кінәлі әрекет, ол үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген.

2021 жыл ішінде компанияның қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау жағдайлары болған жоқ, мұндай жағдайлар бойынша сот талқылаулары болған жоқ.

Бақыланатын уақыт кезеңінде халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардан, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінен және оның аумақтық басқармаларынан Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық көріністеріне, оның қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларына қатысты мәліметтер түскен жоқ.

Қаржылық бақылау шаралары

Кірістерді жалпыға бірдей декларациялаудың екінші кезеңі шеңберінде квазимемлекеттік ұйымдарда басқарушылық функцияларды орындайтын тұлғалар мен олардың жұбайлары 2021 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірілмейтін мерзімде өздерінің кірістері мен мүлкі туралы декларацияны (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңның 11 бабы) ұсынуға тиіс болды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу барысында қаржылық бақылаудың осы шаралары қадағаланғаны анықталды: компанияның Басқарма мүшелері мен олардың жұбайлары 15 қыркүйектен кешіктірмей аумақтық мемлекеттік кірістер органдарына кірістер мен мүлік туралы декларациялар табыс етті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңның 12 бабына және Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына сәйкес, Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын тұлғалардың бұдан бұрын өздеріне қабылдаған мынадай сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер бойынша оларды қадағалауын бақылау қамтамасыз етілген:

1) мемлекеттік функцияларды орындауға сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асыру;

2) жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу;

3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылмайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

4) егер мұндай әрекеттер осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тұлғалардың қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса немесе осы тұлғалар лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, оларды ұсынған тұлғалардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді қабылдау;

5) Қазақстан Республикасынан тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде шоттар (салымдар) ашу және иелену, Қазақстан Республикасынан тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау.

Мониторинг жүргізу кезінде Қоғамда басқару функцияларын орындайтын тұлғалар тарапынан осы шектеулерді бұзу фактілері анықталған жоқ.

Квазимемлекеттік ұйымдарға сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған тұлғаларды жұмысқа қабылдау туралы тыйымды сақтау

2021 жылғы 11 қаңтардан бастап «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан жаңа нақты ахуалда: іс-әрекеттер уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауының жекелеген ережелерін іске асыру мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 393-VI Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес квазимемлекеттік ұйымдарда сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған тұлғаларды жұмысқа орналастыруға тыйым салынды.

Осы тыйымның қадағалануын қамтамасыз ету үшін Қоғамда жұмысқа орналасу кезінде сыбайлас жемқорлық қылмыс жасамағаны туралы анықтама сұратылады.

Бұдан басқа, шілде айында Қоғамның және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің жауапты қызметкерлері (осы министрліктің тапсырмасын орындау шеңберінде) «Арнайы есепке алу» мамандандырылған ақпараттық жүйесі арқылы 90 штаттық жұмыскердің (оның ішінде Басқарма мүшелерінің) деректеріне тексеру жүргізді.

Жоғарыда көрсетілген заңнамалық тыйымның бұзылуына жол берілген жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы қалыптастырылады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі әрбір субъектінің міндеті болып табылады.

Комплаенс қызметі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мақсатында ағымдағы жылы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) ұйымдастырған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жұмысы мәселелері бойынша 2 онлайн-семинарға қатысты.

Өз тарапынан Комплаенс қызметі және Адами ресурстарды басқару департаменті компания персоналын ішкі оқыту шеңберінде компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына, Қазақстан Республикасының Сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі құқықтық актілеріне, үлестес тұлғалар мен сақтандыру компаниясымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардың мәселелеріне, мүдделер қақтығысына, квазимемлекеттік секторда тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу саласындағы алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне қатысты тақырыптар бойынша презентациялық материалдарды пайдалана отырып, бақыланатын кезеңде 4 семинар өткізді.

Тыңдаушылар үшін алған білімдерін бекіту мақсатында тестілеу ұйымдастырылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау

2021 жылғы сәуір-мамыр айларында Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 116 тармағын, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің 2021 жылғы 19 наурыздағы №23-14/01-82//413 тапсырмасының 116 т. орындау мақсатында Қоғамда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Ол үшін Қоғамның Басқарма төрағасының м.а. 2021 жылғы 6 сәуірдегі №20-ө бұйрығына сәйкес Комплаенс қызметі және аралас құрылымдық бөлімшелер қызметкерлері қатарынан жұмыс тобы құрылды.

Талдау барысында 19 құрылымдық бөлімшенің қызметі және Қоғамның құрылымдық бөлімшелерге кірмейтін 6 қызметкерінің қызметі қамтылған.

Талдаумен қамтылған Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының саны - 170.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әкеп соғатын факторлар анықталған ішкі нормативтік құжаттардың саны - 12.

Қоғам Басқармасының 2021 жылғы 28 мамырдағы №35 шешімімен Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілді, онда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша 13 ұсыным, қажетті іс-шаралар, оларды орындау мерзімдері, сондай-ақ жауапты орындаушылар бар.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу күніне жоғарыда көрсетілген Жоспардан 3 ұсыным толығымен орындалды, 1 – ішінара орындалды, 9 – орындалу сатысында.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу

Компанияда тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу Mitwork.kz Еуразиялық электрондық сатып алу порталында жүзеге асырылады, бұл туралы өнім берушілер үшін көрсетілген порталға сілтеме жасай отырып, компанияның корпоративтік Интернет-ресурсында ақпарат орналастырылған.

Бұдан басқа, компанияның хабарландырулары мен лоттарына активті сілтемелер goszakur.gov.kz Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу веб-порталының «Квазимемлекеттік сектордың сатып алулары (МС субъектілері емес)» бөлімінде қолжетімді.

Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу процесінің өзі Қоғам Басқармасының шешімімен бекітілген тиісті Нұсқаулықпен регламенттелген (2021 жылғы 30 қыркүйектегі № 56 хаттама).

Өз кезегінде бұл нұсқаулық Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 31 қазандағы №1201 бұйрығымен бекітілген ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларының талаптарын ескере отырып жасалды.

Комплаенс қызметі алаяқтық және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауының алдын алу мақсатында компанияның құрылымдық бөлімшелерінің бастамашылығына қарай тұрақты түрде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізушілер ретінде таңдалған немесе айқындалған контрагенттердің үлестестігі мен сенімділігін анықтау тұрғысынан тексерулер жүргізеді.

Бақыланатын уақыт кезеңінде компанияда мемлекеттік сатып алу, ұлттық басқарушы холдингтердің сатып алуларының жосықсыз өнім берушілері тізбесіне енгізілген, сондай-ақ ірі мөлшерде салық берешегі бар, банкрот немесе әрекет етпейтін салық төлеушілер деп танылған өнім берушілермен мәмілелер жасасу (тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтерді көрсетушілер ретінде таңдалған немесе айқындалған контрагенттердің сенімділігі тұрғысынан 175-ке жуық тексеру жүргізілді) жағдайларына жол берілген жоқ.

Сондай-ақ компанияға қатысты үлестес деп танылған өнім берушілермен мәмілелер жасасу жағдайлары болған жоқ.

III. Қорытынды бөлім

Қорытынды:

1) жүргізілген мониторинг қорытындылары бойынша Қоғам қызметінде жоғары сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын негізгі факторлар анықталған жоқ;

2) Жоспарда көзделген қалған іс-шараларды 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында толық аяқтау қажет;

3) Қоғамның бизнес-процестеріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды белгіленген тәртіппен қайта жүргіз жоспарлансын.

4) «KazakhExport» ЭСК» АҚ қызметін жұртшылықтың объективті бағалауы орынды.

Мұны бұдан бұрын компания қызметінде жүргізілмеген тиісті әлеуметтік сауалнамаларды ұйымдастыру арқылы анықтауға болады.

Оларды 2022 жылы ұйымдастырған жөн.

5) Сатып алу департаментіне 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларының өз күшін жоғалтуына байланысты тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі жаңа ішкі нормативтік құжатты әзірлеу ұсынылады.

6) Қоғам қызметінің ашықтығы қағидатын іске асыру үшін осы жүргізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелерін Қоғамның корпоративтік Интернет-ресурсына орналастырған орынды.

Комплаенс қызметінің басшысы

Қ. Қабсаматов